

**«МДШО бар М.Сенгірбаев атындағы орта мектеп» мемлекеттік  
коммуналдық мекемесі**

**Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Тұлға қалыптастыруды ұлттық  
құндылықтар негізінде білім мен тәрбие беру» тақырыбында өткізілген  
аудандық семинардың өтілуі туралы**

«МДШО бар М.Сенгірбаев атындағы орта мектеп» мемлекеттік коммуналдық мекемесінде 2024 жылы желтоқсан айының 11-ші күні «Тұлға қалыптастыруды ұлттық құндылықтар негізінде білім мен тәрбие беру» тақырыбында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында аудандық семинар өткізілді. Семинарға аудан мектептерінен мұғалімдер және аудандық білім бөлімінен әдіскерлер келіп қатысты. Семинардың бағдарламасы барлық қатысушыларға таратылып, таныстырылды. Семинардың ашылуын мектеп директоры А.Ж.Салимбаева өзінің алғы сөзімен бастады. Оқушыларымыз Мұсабек Сенгірбаев атамыздың туған жылынан бастап, өмір тарихын, жасаған ерліктері туралы қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілінде таныстырылым жасады. Бастауыш сынып оқушылары Мұсабек Сенгірбаев туралы арнауларын айтЫП, өлең шумақтарын айтЫП өтті. Семинардың бағдарламасына сәйкес ашық сынып сағаттары өткізілді. «Тәуелсіздік – тұғырым» тақырыбында 5а сынып жетекшісі Досымбаева Гулзира Мейрамбекқызы «Ұлттық құндылықтар – тәрбиенің түп қазығы» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді. ба сынып жетекшісі Сейітбекова Толғанай «Идеялар жәрменкесі» тақырыбында шебер сынып көрсетіп, әдіс – тәсілдермен бөліті. Сынып сағатының соңында қауіпсіздік сабағы ретінде информатика пәні мұғалімі Арыстанбаева С және биология пәні мұғалімі Kakeshova A.T өздерінің зертханалық іс – тәжірибелерімен бөлісіп, дүкендерде сатылып жатқан чипсі түрлерінің және сағыздың, ұлды телефондағы тик – тоқ, инстагарм, фейсбук сияқты әлеуметтік желілердің миға қалай әсер ететіндігі туралы зерттеп көрсетіп өтті. Семинарға келген қонақтар өз оларымен бөлісіп, пікір алмасты. Семинардың тақырыбына байланысты ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында ұлттық құндылықтар бұрышы жасалды. 7б сынып жетекшісі Шотанова Айнұр Жанарабекқызы сынып оқушыларымен бірге қазақ қызының ұлттық әшекейлерін, бұйымдарын таныстырып өтті. 7а сынып жетекшісі Kakeshova Арай Тельжанқызы қазақтың ұлттық аспаптарымен таныстырып өтті. 8а, 8ә, 8б сынып оқушылары қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімдері Өскенбаева Лаззат, Турсунова Маржан ұлттық тағамдарды таныстырып өтті. Дене шынықтыру пәні мұғалімі Байсалбаев Қ.Б және 11а сынып оқушылар Керімқұл Ерсін және Нарша Дінмұхamed қазақтың ұлттық ойыны

тоғызқұмалақ ойынын ойнап, ойнау ережесімен түсіндіріп өтті. Келген қонақтарға оқушыларымыздың өнерлерін көрсету үшін, тәрбие орынбасары М.Шайбаевың ұйымдастыруымен концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Мектеп психологы Қорабаева Г келген қонақтармен психологиялық сергіту сәтін өткізді. Мектептің педагог – ұйымдастырушысы С.Кошимовың ұйымдастыруымен «Заманауи білім беру жүйесіндегі ұлттық құндылық пен патриотизм» тақырыбында 8 және 9 сынып оқушылары арасында дебат өткізді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектебімізде театр қойылымы қолға алынуда. 10а сынып оқушысы Ысқақ Айзеренің орындаудында Бердібек Соқпақпаевтың 100 жылдық мерейтойына орай «Менің атым – Қожа» қойылымы көрсетілді. 10 сынып оқушыларының қатысуымен «Ана жүрегі» қойылымы көрсетіліп, келген қонақтардың жүректерін елжіретті. Музыка пәні мұғалімі Болысбекова Бахытгуль Ансабекқызының ұйымдастыруымен «Еркіндігімнің айғағы» атты хор орындалып, домбырашылар ансамблі орындаудында «Ертұран» күйі оындалып, семинар өз мәресіне жетті. Семинар соңында келген қонақтар өз ойларымен бөлісіп, жылы тілек – лебіздерін білдірді. Аудандық білім бөлімінің әдіскері К.К.Абуова семинарды қорытындылап, сөз соңында семинардың жоғары деңгейде өткенін айттып өтті. Өткізілген семинар бойынша бейнематериалдар мектептің әлеуметтік желілерінде жарияланды.



Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Шайбаева М.Н